

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 \_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

010000, Нур-Султан, Мажиліс Парламента

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

2021 жылғы 6 қазанда жарияланды

**Премьер-Министрдің бірінші  
орынбасары Ә.Смайыловқа**

**Депутаттық сауал**

**Құрметті Әлихан Асханұлы!**

Бүгінде еліміздегі жалпы тұрғындардың 41 пайызы немесе 7 млн. халқы ауылдық жерлерде тұрады. Ауыл - мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігінің кепілі, агроөнеркәсіп кешенінде инновацияларды іске асыру, инвестицияларды тарту орталығы болып табылады.

Елбасы, партия Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев 2019 жылы бастамашы болған жобаның мақсаты - ауыл тұрмысын жақсарту болатын! Осы жоба аясында «Nur Otan» партиясының 2025 жылға дейінгі «Өзгерістер жолы: Әр азаматқа лайықты өмір!» атты сайлауалды бағдарламасымен 3500 ауылды жаңғырту қарастырылған. Осы міндетті іске асыру - ауылдық жерлерді кешенді дамытуға жағдай жасайды және ауылдардың көпшілігін өңірлік стандарттарға жақындатуға мүмкіндік береді, бұл туралы ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында атап өтті.

Өңірлік стандарттарға сәйкестендіру ауылдарды ауыз сумен, жоғары жылдамдықты интернетке қолжетімділікпен, тұрғын үйлермен, жергілікті маңызы бар сапалы жолдармен қамтамасыз етеді.

Мұның бәрі, сапалы жоспарлау мен жүйелі қаржыландыру жағдайында іске аспақ.

Іс жүзінде, нені көріп отырмыз?

«Ауыл - Ел бесігі» жобасы аясында 2021 жылы 480 ауылды жаңғыртуға 135 млрд. теңге бөлініп, 1 140 жобаны іске асыру көзделген болатын. Алайда, биыл 135 млрд-ң 106-сы немесе 78%-і бөлінді. Әкімшілер, толық қаржыландырудың болмауын өңірлерден уақтылы өтінімдердің берілмегендігімен түсіндіреді.

Биылғы орындалмаған жобаларды 2022 жылы аяқтауға да болар еді, бірақ келесі жылдың бюджет жобасында 570 ауылды жаңғыртуға 130 млрд. орнына тек 62 млрд. қаржы қаралған. Бұл жоспарланғаннан екі есе аз. Мұндай ресурстармен 2021 жылғы тапшылықты өтеу түгілі, 2022 жылдың межелерін жартылай орындау да мүмкін емес, 2023-24 жылдарға болжамды көрсеткіштердің орнына, тіпті оған шамалас цифрларды да қарастырмаған.

Қаржы министрлігінің пікірінше, 2022 жылға 500-ден аса жоба заңнама талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты қабылданбаған, ал 2023-24 жылдарға Ұлттық экономика министрлігі өңірлерге жіктемей, жалпы сомамен шектелген. Оны, осы министрліктің тұжырымдауынша, сапалы жобалардың тізбесі бар дегенімен, себебін, өңірлерге берілген лимиттерге байланыстылығымен негіздейді. Бұл ретте аталған министрліктердің ұстанымы тек бір бағытта ғана тоғысады: олар жобаларды әзірлеу мен жоспарлау бойынша өңірлердің орындаушылық тәртібінің төмендігін атап отыр.

Бұл жағдайға кімнің кінәлі екенін айқындау өте күрделі. Бірақ, осындай салааралық келісімдердің жетіспеуі - ауылдық аймақтардың әл-ауқатына кері әсерін тигізіп, нәтижесінде, ауылдағы үйлерге су кірмей, мектеп жөнделмей, жалғыз күре жол салынбай қалуына әкеп соғады.

Биыл ауыл үшін ауырлау болған - қуаңшылық, жаппай мал шығыны, мал азығының жетіспеушілігі сияқты әлеуметтік ахуалды ескеріп, қазіргі уақытта ауылды қолдау - мемлекеттің негізгі міндеті болуы ләзім!

Қорытындылай келе, «Nur Otan» партиясының фракциясы шұғыл түрде, лауазымды тұлғалардың дербес жауапкершілігін бекіте отырып:

- партия бағдарламасының мақсаттарын, бюджет жағынан қамтамасыз етудегі олқылықтарды жою және ауылдық өңірлерді қолдау жөніндегі кешенді жоспар әзірлеуді;

- бюджетті нақтылау барысында, мерзімінде және мүлтіксіз орындау үшін Жол картасын қаржыландырудың нысаналы көрсеткіштерін ескере отырып, таяудағы 3 жылға арналған жобалар пулын ұсынуды;

- болашақта, жобалау-сметалық құжаттаманы жоспарлау мен әзірлеу үшін қаржыландырудың болжамды лимиттерін өңірлерге алдын-ала жеткізуді;

- өз кезегінде, жергілікті әкімдіктер, облыстық жол карталары мен аумақтарды дамыту бағдарламаларына сәйкес, бюджеттік өтінімдерді әзірлеу жұмыстарын күшейтуді талап етеді.

Қарау нәтижесі және қолданылған шаралар жөнінде заңнамада белгіленген мерзімде жазбаша түрде хабарлауды өтінемін.

**«Nur Otan» партиясы  
фракциясының депутаттары**

**Н.Ожаев**